

Жарнама орналастыру

ҚАЗ

РУС

ENG

[Адресу](#)
Ресми
жариялау
Тандаулы[Кабинет](#)["БҰҰ" құжаттары](#)[Зерттеулер кітапханасы](#)[ЖКС](#)[Дүниежүзілік сауда үйімі](#)[Тарихи құжаттар](#)

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлікінде 2018 жылғы 12 қазанды № 564 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қазанда № 17553 болып тіркелді.

[Мәтін](#) [Ресми жарияланым](#) [Ақпарат](#) [Өзгерістер тарихы](#) [Сілтемелер](#) [Көшіру](#) [Түсініктемелер](#) [Басқа](#)

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы [63\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрлікінде 31.03.2025 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қасіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4) осы бүйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зан қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сагадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлік
2018 жылғы 12 қазандары
№ 564 бүйрығына қосымша

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары

1. Осы Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі - Зан) 5-бабы 63) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Занының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына (бұдан әрі - білім беру үйымдары) оқуға қабылдаудың тәртібін, сондай-ақ "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағындыстырылуына қарамастан білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" және "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібін айқындауды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрлік 31.03.2025 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Білім беру үйымдары оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының Конституциясына, Занға, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ олардың негізінде әзірленген білім беру үйымдарының жарғыларына сәйкес жүзеге асырады.

3. Білім алушылардың қатарына қабылдау білім беру үйымы басшысының бүйрығы негізінде жүргізіледі.

4. Сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді.

5. Білім беру үйымдарына білім алушыларды қабылдау кезінде білім беру үйымдарының басшылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлік 2016 жылғы 28 қантардығы № 93 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заны өкілдерімен шарт жасайды.

6. Алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрлік 03.06.2021 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

7. Баланың немесе білім алушының ата-аналары немесе өзге де заны өкілдері баланың немесе білім алушының тілегі, жеке